

"Қазақ Қызыл Жарты Ай және Қызыл Крест қоғамының қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 17 сәуірдегі N 720 Жарлығын жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 6 қазан 1992 ж. N 831

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

"Қазақ Қызыл Жарты Ай және Қызыл Крест қоғамының қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 17 сәуірдегі N 720 Жарлығына байланысты Қазақ Қызыл Жарты Ай және Қызыл Крест қоғамының комитеттеріне, ұйымдарына, оқу, медициналық-әлеуметтік мекемелері мен кәсіпорындарына салынатын салық жеңілдігін жергілікті салықтар мен алымдар (автотранспортты аялдауға қойғаны үшін алынатын алым, жергілікті аукциондар мен лотереяларды өткізу хұқығы үшін алынатын лицензиялық алым, жергілікті рәмізді пайдалану хұқығы үшін алынатын алым, жарнамаға салынатын салық, автотранспорт құралдарын, есептеу техникасын және жеке компьютерлерді қайта сатуға салынатын салық және басқа жергілікті салықтар мен алымдар) бойынша шешімдер қабылдауды енгізу халық депутаттарының жергілікті Кеңестеріне ұсынылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі